

Ерекше білім алушыларға жағдай жасалуы (пандус және т.б.)


Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар бар топтардың білім беру процесі балаларға күтім жасау мен қамқорлықты, сондай-ақ білімге, маңызды өмірлік дағдыларды тәрбиелеу мен оқыту процестерін, балалардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін дамытуды, олардың дамуындағы тапшылықты түзетуді көздейді.

Әрбір балабақша тәрбиешісі өзін –өзі тәрбиелейді, « инклюзивті» білім – бұл барлық балалардың айырмашылықтарының құндылығын және олардың оқу қабілетін тану, ол осы балаға ең қолайлы тәсілмен жүзеге асырылады.

Оқу жылының басында тәрбиеші ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тексереді. Мониторинг барысында ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын тудырады. Педагог баланың оқуға деген қызығушылығы оған белгілі бір жетістіктерге жетуге көмектесетінін түсінеді. Балалардың қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы белсенділігі үшін жағдай жасайды.

Балаларға арналған дамыту тапсырмаларын ұйымдастырады.Ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды базалық компонентке сәйкес ұйымдастырады.Даму деңгейі әртүрлі балаларға арналған деңгейлік тапсырмалар әзірлейді.

Біздің балабақшада қазіргі уақытта (I, II, III топ) мүгедектігі бар балалар жоқ.Тек сөйлеу тілі бұзылысы бар балалар кездеседі. Оларға логопедиялық көмек көрсетіледі, сонымен қатар барлық барлық психологиялық қолдау беріледі.



Меңгеруші:



Ә.С.Мырсейтова